



Өмірбаяны

Мен 1966 жылдың 17 қыркүйегінде Екібастұзда мұғалімдер отбасында дүниеге келдім. Алты баланың ішінде кенжесімін. Шешеміз Нәкен Қанапияқызы Құдышевадан Оңтүстік қалашықтағылар тегіс оқыды десе де болады. Ол 30 жылдан астам №2 орта мектепте қызмет істеді. Математика пәнінің мұғалімі әкем Хамит Ибраев кешкі мектепте жұмыс істеді. Ол кезде №2 мектепте бастауыш орыс кластары болатын. Мен сонда Галина Григорьевна Хакимзяновадан дәріс алдым. Кейін 6 жыл №4 орта мектепте оқыдым. Бұл өте жақсы мектеп еді. Менің қазіргі болмысымды қалыптастырған мектеп пен Шанхай көшелерінен алған тәлім-тәрбием. Мектепті

№13 Баянауыл сайлау округі бойынша Екібастұз қалалық мәслихатына депутаттыққа кандидат **ҚАЙРАТ ХАМИТҰЛЫ ИБРАЕВ**

Бағдарламасы

1983 жылы үздік аяқтадым. Оқушы кезімде қоғамдық жұмыспен, спортпен белсенді шұғылдандым. Бокстан қала құрама командасының мүшесі бола жүріп облыстық және республикалық жарыстарға қатыстым. 1 мамыр мен 7 қарашада мерекелік шерулердің алдында жүрдім. Мектептен кейін Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетін бітірдім. 1988 жылы туған қалама оралып, еңбек жолымды «Екібастұзшахтақұрылысы» комбинатының Шахта-проходтық басқармасында бастап, мастерліктен учаске бастығына дейінгі жолдан өттім. 1993 жылы Қазақстан Армиясының қалыптасу кезеңінде соның қатарына шақырылып, 2 жыл әскери борышымды өтедім. Әуелі Отарда взвод командирі, кейін Боралдайда рота командирі болдым. Үйге оралған кезде Шахта-проходтық учаске жойылған екен. Сондықтан отбасылық «Айдабол» фирмасында кәсіпкерлік қызметімді бастадым. Осында әлі жұмыс істеп келемін. Әйелім Анар бірге жұмыс істейді. Үлкен ұлым Нұрсұлтан №6 мектеп-лицейдің 9-классын бітірді. Ғылыми жұмыстардың республикалық конкурсының нәтижесінде Қазақстанның кез келген техникалық жоғарғы оқу орнында оқуға грант жеңіп алды. Екінші ұлым Бауыржан 6-класта оқиды. Қызым Кәмила 3 жаста.

Ешқашан мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істеген емеспін. Таза кәсіпкерлікпен айналыстым. Қазір 40-қа толдым. Аяғыма нық тұрғандықтан тек өз отбасым мен бизнесім үшін ғана емес, туған қалам үшін де істер тындыру кезеңі туғандығын сезінгендеймін. Мен Екібастұздың өзін туып-өскен бөлігінде сайлауға түскелі отырмын. Өйткені 1-кезекте қаланың осы шеткі ауданындағы адамдарға көмектескім келеді. Соңғы жылдары қалада көріктендіру жұмыстары айтарлықтай жүргізілді. Өйтсе де бұл негізінен орталыққа қатысты, онда жаңа тротуарлар, субұрқақтар пайда болып, бала бақшалар мен ойын-сауық орталықтары ашылды. Ал 31-шағын аудан және «Шанхай» тұрғындарының өмірінде не өзгерді? 31-шағын аудандағы бұрынғы отбасылық жатақханалар әлі бұзылу үстінде. Сатып алынған, бір-ақ бос тұрған ғимараттар қоқысханаларға айналды. Жолдар мен тротуарлар Кеңестік уақыттан бері

жөнделген емес. Оңтүстік қалашықтағы жағдай біршама тәуір. Бұл осында тұратын байырғы тұрғындардың арқасында ғана. Бұрын көптеген көшелер асфальтталған еді. Қазір олардың тозығы жетті. Жаңадан асфальт төселген емес. Кейбір көшелерде тіпті коқыс контейнерлері де жоқ. Менің балалық шағымда бұл ауданда ойын алаңшалары, хоккей корты, футбол алаңы, «Арман» кинотеатры болатын. Қазір корт жоқ. Футбол алаңы мектепте ғана, кинотеатр орны тақырға айналған. Сондықтан құрметті жерлестер, сіздер маған қалалық мәслихатта өздеріңіздің өкілдеріңіз болуға сенім білдірсеңіздер мен төмендегі міндеттерді шешуге бел байладым:

1. Сақтауға қойылған көп қабатты тұрғынжайды қалпына келтіруге;

2. Қалалық бюджеттің әділ бөлінуіне, яғни шеткі аймақтарға көріктендіру, көгалдандыру және тұрғын үй комму-

налдық шаруашылыққа жеткілікті мөлшерде қаржы бөлінуіне;

3. ЖЭО-да құлтұтқыш озық технологиялардың енгізілуіне және қалалық коқыс үйіндісінде өртке жол бермеуге, өйткені осы кәсіпорындар қаланың оңтүстік бөлігіндегі экологиялық жағдайды төмендетіп отыр.

4. Оңтүстік қалашықта бала бақшаны қалпына келтіру және №4 орта мектепте бастауыш қазақ кластарын ашу; №17 мектепте жүзу бассейнін жөндеп, жедел пайдалануға беру; балалар және спорт алаңшаларын салу, оның ішінде 2 спорт алаңшасын кәсіпкерлердің қаржысын тарту есебінен салуға кепілдік беремін.

5. Екібастұздың 40 жылдығы мен Абай, Бұхар Жырау мен Ленин көшелерінің қиылысында бағдарламалар орнату;

6. Қаланың оңтүстік бөлігінде жастар үшін демалыс орталықтарын ашуға кәсіпкерлерге жағдай туғызу. Менің бұл бағдарламам түпкілікті емес, ол сіздердің мұқтаждықтыңыз бен ұсыныстарыңыздан толықтырылады.

Қалалық мәслихатқа депутаттыққа кандидат Қ.Ибраевтың Қоры есебінен төленді. Шығаруға жауапты Ж.К.Ибраев